

**"Қазбаспасөз" көтерме-бөлшек сауда агенттігі" мемлекеттік еншілес кәсіпорнын "**  
**Қазбаспасөз" республикалық мемлекеттік кәсіпорны етіп қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 16 қазандағы N 1049

Мерзімді басылымдарға жазылуды ұйымдастыру, оларға тапсырысты қалыптастыру және оларды тұтынушыға жеткізу жүйесін оңтайландыру, газеттер мен журналдарды шығару, тарату және сату жөніндегі бірыңғай өндірістік-басқару кешенін құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің жанындағы Почта байланысы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Қазбаспасөз" көтерме-бөлшек сауда агенттігі" мемлекеттік еншілес кәсіпорны шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазбаспасөз" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Кәсіпорын қайта ұйымдастырылған Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің жанындағы Почта байланысы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Қазбаспасөз" көтерме-бөлшек сауда агенттігі" мемлекеттік еншілес кәсіпорнының құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мұрагері болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі (бұдан әрі - уәкілетті орган) Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Почта байланысының республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы ретінде заңдарда белгіленген тәртіппен почталық алмасу процесіне қатыспайтын және Почта байланысы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының облыстарда орналасқан еншілес сауда дүкендер мен дүңгіршектердің бөлшек жүйесін "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Мемлекеттік почтасын Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Почта байланысының республикалық мемлекеттік кәсіпорнына айналдыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 13 қарашадағы N 1521 P951521\_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 35, 450-құжат) бекітілген Қосымшаға сәйкес Кәсіпорынға берсін.

5. Уәкілетті орган:

1) 1998 жылдың 15 қарашасына дейін Кәсіпорынның жарғысын әзірлеп, бекітсін, онда мынадай негізгі функциялар көзделсін:

мерзімді басылымдарға жазылуды ұйымдастыру;  
мерзімді басылымдарға тапсырысты жазылуы бойынша жинау, өңдеу, мекен-жайын  
ө з г е р т у ж ә н е ж о ю ;  
редакциялармен, отандық және шетелдік баспалармен жазылу және бөлшектік сату  
ж ө н і н д е ш а р т т а р ж а с а с у ;  
республиканың аумағында, сондай-ақ алыс және жақын шетелдерде мерзімді  
баспасөзді ұйымдастыру және тарату;  
мерзімді басылымдарды жазылуы және бөлшек сауда бойынша жөнелту;  
Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің жанындағы  
Почта байланысы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының республиканың  
облыстарында орналасқан еншілес кәсіпорындарымен мерзімді басылымдарды тарату,  
жөнелту, жеткізу жөнінде шарттар жасасу;  
республиканың және шетелдің мерзімді басылымдарына каталогтарды  
қ а л ы п т а с т ы р у ;

2) Кәсіпорынды заңдарда белгіленген тәртіппен қайта тіркеуді қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен " Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 P960790\_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат) бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне толықтыру енгізу туралы қаулының жобасын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Мемлекеттік почтасын Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Почта байланысының республикалық мемлекеттік кәсіпорнына айналдыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 13 қарашадағы N 1521 P951521\_ қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 35, 450-қ ұ ж а т ) :

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Почта байланысы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының құрамына еншілес кәсіпорын құқымен енген кәсіпорындардың тізбесінде:

26-тармақ алынып тасталсын;

2) "Жекешелендіру мен қайта құрылымдаудың секторлық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 қаңтардағы N 65

қаулысында:

аталған қаулымен бекітілген "Көлік-коммуникация кешенінде жекешелендіруге жататын кәсіпорындардың тізбесі" деген 3-қосымшада: реттік нөмірі 57-жол алынып тасталсын.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі